МЕРДІГЕРЛІК ШАРТ №10-2021

Қызылорда қаласы «19» шілде 2021 ж.

Осы Мердігерлік шарт (бұдан әрі Келісімшарт деп аталады) **«Тапсырыс беруші»** деп аталатын **«Жабдықтау» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің** Жарғы негізінде әрекет етуші **директоры Каримов Руслан Серікбайұлы** және бұдан әрі **«Мердігер»** деп аталатын **«СК и Монтаж-Строй» ЖШС** атынан Жарғы негізінде әрекет етуші, басшысы **Турсбаев Мухит Муратбекович** арасында, бұдан әрі осы Келісімшартта бірге «Тараптар», әрқайсысы жеке «Тарап» деп аталады, келесі шарттар негізінде жасақталды:

1. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Келісімшартқа сәйкес Мердігер Келісімшарттың «Техникалық тапсырма» №1 Қосымшасында анықталған Жұмыстарды орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Жұмыстар нәтижесін қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенеді.

1.2. Келісімшарт шарттарынан кез келген ауытқуларды, Жұмыс технологиясы мен нәтиже сапасына әсер етпейтіндерді де қосқанда, Мердігер алдын ала Тапсырыс берушімен келістіруге міндетті.

2. ЖҰМЫС ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ

2.1. Жұмыстарды «Жұмыс орындау кестесінде» (Келісімшарттың №1 Қосымшасы) қарастырылған мерзімде орындау қажет. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімімен Жұмыстарды сапасына залал келтірмей мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

3. КЕЛІСІМШАРТ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

3.1 Келісімшарт бойынша Мердігерге төленетін Келісімшарт бағасы (бұдан әрі Келісімшарт бағасы), төлеу мерзімділігі, төлем валютасы және төлемнің басқа да шарттары Келісімшарттың №1 Қосымшасында анықталған. Келісімшарт бағасына барлық Жұмыстардың, Мердігердің Жұмыстарды орындауға байланысты шығындары қосылады.

3.2 Тапсырыс беруші өзінің банкіне Келісімшартта көрсетілген Мердігер шотына қаржы сомасын аудару жөнінде нұсқау бергенде төлем жасалған болып табылады. Тапсырыс берушіның банкілік комиссияларын Тапсырыс беруші төлейді, Мердігер және оның корреспонденттік банкілерінің комиссиялары Мердігер есебінен алынады.

3.3 Төлем Мердігер шығарған шот түпнұсқасының негізінде жасалады.

3.4 Тараптардың бірінің атауы, ұйымдастыру-құқықтық формасы, банкілік деректері немесе пошталық мекенжайы өзгергенде, қайта құрылуы аяқталғанда бұл Тарап екінші Тарапқа ондай өзгеріс болған күннен 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ол туралы хабарлауға міндетті. Көрсетілген деректер өзгерген жағдайда Тараптар Келісімшартқа тиісті Қосымша келісім жасақтайды. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар бойынша төлемдерді Келісімшартқа тиісті Қосымша келісім жасақталғаннан соң жасайды.

4. НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ. ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Мердігер Келісімшартты орындау барысында Қолданылатын құқық талаптарын, Тапсырыс беруші регламенттерін, қауіпсіздік техникасына, денсаулық және қоршаған ортаны қорғауға қатысты ережелерді өзі сақтайды және өз қызметкерлерінің сақтауын қамтамасыз етеді.

4.2 Тапсырыс беруші өз шешімі бойынша беретін заттардан басқа осы Келісімшарт бойынша орындалатын жұмыстар мен қызметті аяғына дейін жеткізу үшін барлық қажет болатын персоналды Мердігер өзі береді.

4.3 Тапсырыс беруші Жұмыс орындау үшін қажет Материалдар мен Жабдықтармен қамтамасыз етеді.

4.4 Мердігер еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қолданылатын құқық талаптарын қатаң сақтайды.

5. ӨЗГЕРІСТЕР

5.1 Тапсырыс беруші Жұмыстардың бастапқы көлемі мен техникалық шарттарға өзгертулер енгізу құқығын өзінс қалдырады. Жұмыстардың бағасына және орындау мерзіміне әсер ететін өзгертулер енгізілген жағдайда Тараптар Келісімшартқа Қосымша келісім жасайды.

5.2 «Техникалық тапсырмада» (Келісімшарттың №1 Қосымшасы) көзделмеген, Келісімшарт бағасын ұлғайтуды талап ететін қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі пайда болған жағдайда Мердігер қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі анықталған сәттен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге ол жөнінде хабарлауға және қосымша жұмыстар бағасының есептелуін жолдауға міндетті. Мердігерден хабарлама алған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Мердігерге өзінің қосымша жұмыстар жүргізуге және Келісімшарт бағасының ұлғайтылуына келісім беруі немесе келіспеуі жөнінде жазбаша хабарлама береді.

6. ЖҰМЫСТЫ ҚАБЫЛДАУ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БӨЛІСУ

6.1 Орындалған Жұмыстарды аралық тапсыру-қабылдау ай сайын жүргізіледі. Есепті айдан кейінгі келесі айдың 10 (онына) дейін Мердігер Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстарды қабылдау актісін жолдайды.

6.2. Орындалған Жұмыстарды аралық тапсыру-қабылдау Мердігер №1 Қосымшада анықталған Жұмыстардың әр кезеңін орындау аяқталғанда жүргізіледі.

6.3 Орындалған Жұмыстарды тапсыру-қабылдау Мердігер Келісімшартта көзделген барлық Жұмыстар көлемін орындауды аяқтағанда жүргізіледі.

6.4 Мердігер Жұмыстар (кезең) аяқталғаннан соң 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіға Жұмыстардың қабылдауға дайындығы жалғанған үлгі бойынша ресімделген Орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісінің өз тарапынан қол қойылған 2 (екі) данасын жолдайды. Тапсырыс беруші Мердігерден Орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісін алған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған Жұмыстарды қабылдауды жүргізеді. Сапа бойынша арызталаптары болмаса, Тапсырыс беруші қол қойылған Орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісінің 1 (бір) данасын осы тармақта белгіленген мерзімде Мердігерге жолдайды.

6.5 Орындалған Жұмыстарда қандай болмасын ақаулық анықталса, Тапсырыс беруші Орындалған Жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісіне немесе Құрылысы аяқталған нысанды қабылдау актісіне қол коюға міндетті емес, бірақ оны алғаннан 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге қол коюдан бас тартуын негіздеп, ақаулықтарды көрсетіп, тиісті хабарлама жолдауға міндетті. Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген мрезімде өз ессбінен ондай ақаулықтарды жоюға және орындалған Жұмыстарды қайталап Келісімшарттың осы тармағындағы тәртіппен қабылдауға ұсынуға міндетті.

6.6 Егер де Жұмыстардағы ауытқулар немесе Жұмыстардың нәтижесіндегі кемшіліктер Тапсырыс беруші белгілеген мерезімде жойылмаса, немесе маңызды және түзетуге келмейтін болса, Тапсырыс беруші Келісімшартты орындаудан бас тартуға және Мердігерден келтірілген шығындарды қайтаруды талап етуге құқылы.

7. КЕПІЛДІ МЕРЗІМ

7.1 Осы Келісімшарт бойынша Жұмыстар Нәтижесінің кепілді мерзімі Тараптар Қолданеылатын құқыққа сәйкес Жұмыстар Нәтижесін қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап 2 (екі) жыл.

7.2. Кепілді мерзім кезінде пайдалануда анықталған кемшіліктері түзетілгенше нысанды оның мақсатына сәйкес пайдалану мүмкін емес болса, кепілді мерзім кемшіліктерді түзету мерзімі ұзақтығына сәйкес ұзартылады.

7.3. Кепілді мерзім кезінде ақаулықтар анықталғанда Тапсырыс беруші жазбаша түрде Мердігерге ол жөнінде хабарлап, Мердігер өкілдерінің анықталған ақаулықтарды қарау және тиісті актіге қол қою үшін келу күнін белгілейді. Тараптар анықталған ақаулықтар туралы актіге қолдарын қояды, онда ақаулықтың анықталуы мен оның жойылу күні көрсетіледі; ондай ақаулықты Мердігер өз есебінен және актіде белгіленген мерзім ішінде түзетуге міндетті. Мердігердің өкілдері Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде келмеген жағдайда Тапсырыс беруші анықталған

ақаулықтар туралы өз тарапынан акт жасайды, ол Мердігердің Жұмыстарды тиісті емес сапамен орындағанының дәлелі болып табылады.

7.4. Мердігер ақаулықтарды анықтау туралы актіде көрсетілген мерзімде ақаулықтарды жоймаса немесе ақаулықты анықтау актісіне қол қоюдан бас тартса, немесе акт жасау және актіге қол қою үшін өзінің өкілін жібермесе, Тапсырыс беруші кепілдік бойынша өз құқығын шектемей, ақаулықты немесе кемшілітерді үшінші тараптар күшімен жоюға құқылы, онда шығындарды Мердігер көтереді. Ондай шығындарды Мердігер Тапсырыс беруші тиісті шот шығарған күннен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өтеуге тиіс.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1 Келісімшарт бойынша міндеттерін орындамауы немесе тиісті орындамауы үшін Тараптар Қолданылатын құқыққа сай жауапты болады.

8.2 Мердігер Жұмыстарды орындауды өз кінәсінен Келісімшарттың №1 Қосымшасында қарастырылған жұмыстарды аралық немесе соңғы мерзімнен кешіктірсе, Мердігер Тапсырыс беруші талабы бойынша Келісімшарт бағасынан әр кешіккен күн үшін 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерде тұрақсыздық айыбын міндеттемесін толық орындауына дейін төлейді, сондай-ақ осындай орындамау салдарынан келтірілген шығындардың орнын толық көлемде толтырады.

8.3 Шығындарды өтеу және/немесе тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды

9. ФОРС-МАЖОР

9.1 Тараптар осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындамағаны үшін ырық бермейтін жойқын күш туған жағдайда (форс-мажор) жауапкершіліктен босатылады.

9.2 Ырық бермейтін жойқын күш деп осы Келісімшартқа қол қойылған кезде орын алмаған, тараптардың еркі мен ниетінен тыс туындаған, олардың басталуы мен әрекетін болдырмауына Тараптар осындай күштің әсеріне ұшыраған Тараптан әділ талап етіп күтілетін шаралар арқылы кедергі жасай алмаған төтенше және тыс жағдайлар түсініледі. Ырық бермейтін жойқын күш деп келесі жағдайлар (қоса, бірақ онымен ғана шектелмей) табылады: соғыс және соғыс әрекеттері, апат күштер әрекеті, халықаралық эмбарго, сондайақ осы Келісімшарттың орындалуына кедергі келтіретін және осы тармақта анықталған сипаттамаларға сай келетін өзге жағдайлар.

9.3 Шикізаттың, электр қуатының, еңбек ресурстардың жетіспеушілігі сияқты өндірістік қиындықтар немесе Тараптардың контагенттері міндеттерін орындамауы төтенше жағдайлар болып саналмайды және Тараптарды осы Келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамауы үшін жауапкершіліктен босатпайды.

9.4 Ырық бермейтін жойқын күштің әсеріне ұшыраған Тарап дереу екінші Тарапты (үш күн ішінде) сол күштің пайда болуы және ықтимал ұзақтығы туралы хабарландыруы және бір айдың ішінде тиісті куәлік жіберуге миндетті. Жоғарыда аталған жағдайлардың пайда болуы туралы уақытылы хабарландыру бермеген Тарап сондай форс-мажор мәнжайларының әсеріне сондай хабарландыру берілген сәтке дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімнің ішінде ұшыраған деп саналады, егер тек жағдайдың өзі сондай хабарландыру жіберуге кедергі жасаған болмаса. Ырық бермейтін жойқын күш болуын растайтын тиісті құжат болып сауда-өнеркәсіптік палата (аумақтық саудаөнеркәсіптік палаталар) беретін куәліктер табылады, оларды ырық бермейтін жойқын күш әсеріне қалған Тарап орналасқан елдің құзыретті органы беруге тиіс.

9.5 Осы Бапта көзделген жағдайлардың пайда болуы, олар туралы тиісті хабарландыру жасалған шартымен, шарттық міндеттемелердің орындау мерзімін басталған жағдайдың әсер ететін мезгілі мен оның салдарын жою үшін қажет ақылға қонымды мезгіліне сәйкес ұзартады.

9.6 Ырық бермейтін күш әсері 3 (үш) айдан асса, Тараптардың әрқайсысы Келісімшарт бойынша өз міндеттерін орындаудан бас тартуға құқылы, бұл жағдайда бір де бір Тарап екінші Тараптан болуы ықтимал шығындарын отеуді талап ете алмайды

10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ

10.1 Келісімшартта реттелмеген барлық сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

10.2 Тараптар арасындағы барлық даулар, талаптар мен келіспеушіліктер қорытынды шешімге келу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызылорда облысының ауданаралық экономикалық сотының қарауына берілсді.

11. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ, ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ БҰЗЫЛУЫ

11.1. Осы Келісімшарт Тараптың қол қойған күннен бастап күшіне енеді де Тараптар осы Келісімшарт бойынша өздеріне алған міндеттемелерін толық орындауына дейін қолданылады.

11.2 Жұмыстардың аяқталуы және оларды Тапсырыс беруші қабылдап алуы Келісімшарттың Кепілді мерзім шегінде қолданылуын тоқтатпайды.

11.3 Тапсырыс беруші Жұмыстың нәтижесі қабылданғанға дейін кез келген уақытта Келісімшартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұл жағдайда Мердігерге Тапсырыс беруші Келісімшартты орындаудан бас тартуы жөніндегі хабарлама берілуіне дейін орындалған жұмыстарға сәйкес Келісімшарттың бағасының болігі төленеді. Келісімшартты орындаудан бір жақты бас тарту жөніндегі хабарлама Тапсырыс берушідан Келісімшартты бұзудың болжамды күнінен кемінде 15 (он бес) күн бұрын жіберіледі.

11.4 Мердігер Тапсырыс берушідан Келісімшартты тоқтатуына байланысты келтірген іс жүзіндегі шығынын, Келісімшарт бағасы мен орындалған жұмыстар үшін төленген баға бөлігі арасындағы айырма шегінде талап етуге құқылы.

11.5 Келісімшарт бұзылған кезде Тапсырыс беруші төлеген аванс сомасы іс жүзінде орындалған Жұмыстар бағасынан асса, Мердігер аванстық төлемді, іс жүзінде орындалған Жұмыстар бағасын алып тастап, Тапсырыс берушідан тиісті шот алған күннен 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қайтаруға міндеттенеді.

12. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

12.1 Факсимилдік немесе электрондық байланыс арқылы жіберілген құжаттардың қолданылуы шектелмей, құжаттың қағаз тасымалдауыштағы түпнұсқасын ондай жіберілуден 5 (бес) күннен кешікпей жіберуші Тарап алушы Тараптың мекенжайына курьер арқылы жіберуге немесе уәкілетті өкілінің қолына беруге тиіс.

12.2 Келісімшартқа қол қойылғаннан соң Келісімшартқа қатысты барлық оған дейінгі жазбаша және ауызша келісімдер, келіссөздер, Тараптар арасындағы хат алысулар күшін жояды.

12.3 Мердігер осы Келісімшартқа келісуін оған қолын қойып, Тапсырыс берушіге алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде қайтаруға міндеттенеді.

12.4 Келісімшарт жасалған күнін Мердігерден Келісімшарттың қол қойылған түпнұсқас(лар)ын алғаннан соң Тапсырыс беруші оның бірінші бетіне белгілейді.

12.5 Келісімшарт 2 (екі) данада, әр Тарап үшін бір данадан), қазақ тілінде жасалды.

12.6 Келісімшарт тек Тараптар Келісімшартқа жасалған Қосымша келісімге қол қоюы арқылы ғана өзгертіледі

13. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Мердігер»	«Тапсырыс беруші»
«СК и Монтаж-строй» ЖШС	**«Жабдықтау» ЖШС**
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы,	**Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы,**
9 Май көшесі, 8 учаске.	**Сәкен Сейфуллин көшесі, 32 үй**
БСН: 050 140 009 729	**БСН 991 040 002 904**
ДБ АҚ «Сбербанк»	**БСК IRTYKZKA**
БСК SABRKZKA	**ЖСК KZ3996525F0007214989**
ЖСК: KZ 939 141 522 03KZ0004L	**"ForteBank" АҚ**
Директоры: _____ Туребаев М. М.	**Директор _____ Каримов Р.С.**

«13» сәуір 2021 ж. №01-2021
Келісімшарттың №1 Қосымшасы

«Қызылорда олысы, Шиелі ауданы Шиелі кентіндегі 18 пәтерлік 4 тұрғын үй құрылысы» нысаны бойынша

Мердігер «СК и Монтаж-Строй» ЖШС-не міндеттелетін жұмыс түрлері мен құны

№ р/с	Жұмыс түрлері	Келіcімшарт құны, ҚҚС қоса есептегенде, мың теңге	Жұмыстың басталу мерзімі	Жұмыстың аяқталу мерзімі
1	2	3	4	5
№ 4 үйдің жалпы-құрылыс жұмыстары				
1	Сыртқы, ішкі қабырғалар мен бөлмеаралық қабырғаларды қалау	**3 870 000**	**20.07.2021 ж.**	**30.09.2021 ж.**
2	Белдіктерді, жабын және балкон плиталарын монтаждау			
3	Басбалдақтарды монтаждау			
	Келісімшарт құны	***Үш миллион сегіз жүз жетпіс мың, ҚҚС қоса есептегенде***		

«Мердігер»
«СК и Монтаж-строй» ЖШС
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы,
9 Май көшесі, 8 учаске.
БСН: 050 140 009 729
ДБ АҚ «Сбербанк»
БСК SABRKZKA
ЖСК: KZ 939 141 522 03KZ0004L

Директоры _____ **Туребаев М. М.**

«Тапсырыс беруші»
«Жабдықтау» ЖШС
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы,
Сәкен Сейфуллин көшесі, 32 үй
БСН 991 040 002 904
БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ3996525F0007214989
"ForteBank" АҚ

Директоры _____ **Каримов Р. С.**